

**«Гүлдер» балабақшасындағы Қамқоршылық кеңес отырысының
№4 ХАТТАМАСЫ**

Ақтау қаласы

26.05.2026ж

Қатысты: балабақша директоры, балабақша әдіскері, қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Күн тәртібі

1. Жазғы сауықтыру мезгіліндегі шынықтыру шараларымен таныстыру.
2. Жазғы сауықтыру мезгіліндегі іс-шараларды бірлесе өткізуді жоспарлау.
3. Қамқоршылық кеңесінің атқарған жұмыстары жайлы есебі.

Тындалды

1. Бірінші мәселе бойынша балабақша директоры М.Овезова жазғы сауықтыру кезеңінде ұйымдастырылатын шынықтыру шаралары туралы ақпарат берді. Балалардың денсаулығын нығайту мақсатында таза ауадағы серуендер, таңертеңгілік жаттығулар, қимылды ойындар, су және ауа процедуралары, күн сәулесін тиімді пайдалану, дене шынықтыру ойындары жүйелі түрде ұйымдастырылатыны айтылды. Барлық іс-шаралар балалардың жас ерекшелігі мен қауіпсіздік талаптарына сәйкес өткізілетіні атап өтілді.
2. Екінші мәселе бойынша тәрбиешілер мен Қамқоршылық кеңесінің мүшелері жазғы сауықтыру кезеңінде өткізілетін мерекелік, спорттық және танымдық іс-шараларды бірлесіп ұйымдастыру мәселесін талқылады. Ата-аналардың қатысуымен спорттық сайыстар, шығармашылық байқаулар, экологиялық акциялар, ойын-сауық кештері және отбасылық іс-шаралар өткізу ұсынылды.
3. Үшінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Сейтахметов Амангелди жыл бойы атқарылған жұмыстар бойынша есеп берді. Кеңес мүшелері жылдық жоспарға сәйкес өткізілген отырыстардың орындалуын, балалардың қауіпсіздігі, тамақтануы, денсаулығын нығайту, бала құқықтарын қорғау және тәрбиелеу-білім беру үдерісіне қолдау көрсету бағытында атқарылған жұмыстарды қорытындылады. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы нәтижелі деп бағаланып, алдағы оқу жылында да өзара ынтымақтастықты жалғастыру ұсынылды.

**Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе қамқоршылық кеңес
ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Жазғы сауықтыру кезеңіндегі шынықтыру шараларының жоспары мақұлдансын. Балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстары тұрақты бақылауда ұсталсын.

2. Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған іс-шаралар жоспары бекітілсін. Ата-аналар мен Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің іс-шараларға белсенді қатысуы қамтамасыз етілсін. Іс-шараларды өткізу барысында балалардың қауіпсіздігіне ерекше назар аударылсын.

3. Қамқоршылық кеңесінің жылдық есебі қанағаттанарлық деп танылсын. Келесі оқу жылында Қамқоршылық кеңесінің жұмысын бекітілген жоспарға сәйкес жалғастыру ұсынылсын. Жыл бойы белсенді қатысқан Қамқоршылық кеңесінің мүшелеріне алғыс білдірілсін.



Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Сейтахметов Амангелди
Хатшы Хайруллина Диана